

Еңбекке уақытша
жарамсыздыққа сараптама
жүргізу. Дәрігерлік-
консультациялық комиссияның
қызметі . Медициналық-
әлеуметтік сараптама жүргізу
құрылымы. Мүгедектікті
белгілеу критерийлері

Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
өлеуметтік даму
министрінің
2015 жылғы 31 наурыздағы
№ 183 бұйрығымен
бекітілген

Еңбекке уақытша жарамсыздық - адам организмінің сырқаттанумен немесе жарақаттанумен негізделетін жай-күйі, мұндай кезде функциялардың бұзылуы еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру немесе мүгедектікті белгілеу үшін қажетті уақыт бойы кәсіптік еңбекті орындаудың мүмкін болмауымен ілесе жүреді;

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы — осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша адамдардың еңбекке уақытша жарамсыздығын куәландыратын, жұмыстан уақытша босатуға және еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақы алуға құқығын растайтын құжат;

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы осы Қағидаларға ережеге сәйкес нысан бойынша:



- Аурулар мен жарақаттар кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын медицина қызметкері күнтізбелік үш күнге (халықтың тұмаумен, ЖРВИ-мен қатты сырқаттанушылығы кезеңінде алты күнге дейін медициналық ұйым басшысы бұйрығының негізінде) және жалпы ұзақтығы күнтізбелік алты күннен аспайтын мерзімге жеке өзі және бір мезгілде береді.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы мен анықтамасын алты күннен артық ұзарту медициналық ұйымның бөлімше меңгерушісімен бірлесіп, жалпы ұзақтығы күнтізбелік жиырма күннен аспайтын мерзімге жүргізіледі.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағынан көрсетілген мерзімнен артық ұзарту ДКК-ның қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Еңбекке уақытша
жарамсыздық
парағы жүктілікті
және босануда
күнтізбелік алпыс
күннен аспайтын
мерзімге беріледі.

Егер ДКК-ның қорытындысы
бойынша мүгедектікті белгілеу
мақсатында МӘС-ке жіберу үшін
негіз болмаса және адамдардың
еңбек жағдайын аурудың
клиникалық ағымы мен болжамын
нашарлатса, ДКК-ның екі айдан
алты айға дейінгі мерзімге
неғұрлым жеңіл жұмысқа уақытша
ауыстыру туралы қорытындысы
беріледі. Мерзімді кәсібіне аурудың
ағымы мен асқынуларына қарай
ДКК белгілейді.

- Белгіленген туберкулез, психикалық, тері-венерологиялық, онкологиялық және адамның иммун тапшылығы вирусы/жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы (бұдан әрі - АИТВ/ЖИТС) аурулары кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын мамандандырылған медициналық ұйымдардың (бөлімшелердің, кабинеттердің) тиісті медицина қызметкерлері береді. Осы аурулармен ауыратын адамдар жалпы бейінді медициналық ұйымдарға жүгінген кезде медицина қызметкері кейіннен міндетті түрде адамды мамандандырылған медициналық ұйымға (бөлімшеге), ондай болмаған жағдайда бейінді маманға жібере отырып, күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімге еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын береді.

- Егер адам бірнеше жұмыс берушіде жұмыс істейтін болса еңбекке уақытша жарамсыздық парағы бір жұмыс орны бойынша беріледі, адамның басқа жұмыс орындарына медициналық ұйым басшысы бекіткен және медициналық ұйымның мөрі қойылған еңбекке уақытша жарамсыздық парағының көшірмелері беріледі.

Жүкті әйелдерге, бала (балаларды) туған әйелдерге, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған әйелдерге (ерлерге) еңбекке уақытша жарамсыздық парағы екі данада беріледі:

МӘС-ға:

еңбекке уақытша жарамсыздығы басталған күннен бастап төрт айдан кейін немесе қайталап ауруы (сол аурумен) кезінде соңғы он екі айдың ішінде еңбекке уақытша жарамсыздықтың бес айынан кешіктірмей;

жарақаттану кезінде еңбекке уақытша жарамсыздығы басталған күннен бастап төрт айдан кейін, ауру ағымының болашақ болжамы болған кезде ДКК шешімі бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағы екі айға

туберкулезбен аурудың салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздық басталған күннен бастап сегіз айдан кейін ұзақ ауыратын, жұмыс істейтін еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары бар адамдар жіберіледі.

Туберкулезбен ауыратын науқастарға еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру

- Бактерия шығармайтын және қақырық жақпасының тұрақты конверсиясына қол жеткізген туберкулезбен ауыратын науқастардың еңбекке уақытша жарамсыздық парағы және анықтамасы еңбекке жарамсыздық қалпына келген кезде ОДКК шешімі бойынша жабылуы мүмкін.

Алғаш анықталған туберкулез үдерісі, сондай-ақ қайталануы бар адам:

- 1) туберкулездің сезімтал түрі бар адам 10 ай бойы;
- 2) көптеген дәрілерге көнбейтін түрі бар адам 12 ай бойы;
- 3) ауқымды дәрілерге көнбейтін түрі бар адам 15 ай бойы еңбекке уақытша жарамсыз деп саналады.

Емнің оң әсері болмаған кезде (өкпе туберкулезімен ауыратын науқастарда бактерия шығарудың және өкпеден тыс туберкулезбен ауыратын науқастарда мүгедектік белгілерінің сақталуы) мүгедектік тобын анықтау үшін МӘС-ке жіберіледі

Дәрігерлік-консультациялық КОМИССИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

- Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 5 мамырдағы
№ 321 бұйрығымен бекітілді

Дәрігерлік-консультациялық комиссия– меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан медициналық ұйымда құрылатын комиссия;

- ДКК медициналық ұйым басшысының бұйрығымен құрылады. ДКК құрамы, мүшелерінің саны (кем дегенде үш дәрігер), жұмыс тәртібі мен кестесі медициналық ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі.
- ДКК құрамына төраға, комиссия мүшелері мен хатшы кіреді.

ДКК міндеттері мен функциялары

- ДКК ұсынылған пациенттерге медициналық көмек көрсетудің сапасын бағалау;
- 2) ДКК-ға жіберілген пациенттерге емдеу-диагностикалық, оңалту іс-шараларын жүргізудің диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына, денсаулық сақтау саласындағы операциялық рәсімдердің стандарттарына және медициналық көмектің стандарттарына сәйкестігін бақылау;
- 3) ұзақ ауыратын (2 айдан көп) пациенттерге емдеу-диагностикалық, оңалту іс-шараларын жүргізудің диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына, денсаулық сақтау саласындағы операциялық рәсімдердің стандарттарына және медициналық көмектің стандарттарына сәйкестігін бақылау;
- 4) мүгедектердің ОЖБ-ның медициналық бөлігінің іске асыруын бақылау;
- 5) пациенттерді МӘС-ға уақтылы және негізді жіберу;

- 6) ОЖБ-ның медициналық бөлігін қоса алғанда, пациенттерді МӘС-ға жіберу кезінде медициналық құжаттардың мерзімі мен ресімдеу сапасын бақылау;
- 7) ДКК жіберілген пациенттердің денсаулық жағдайын бағалау және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ДКК қорытындысын енгізу;
- 8) еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасының күрделі және шиеленісті мәселелерді шешу;
- 9) еңбекке уақытша жарамсыздық парағымен анықтамасын беру және ұзартуды бақылау;
- 10) МӘС-ға негізсіз жіберуді талдау және ДКК жұмысын жақсарту жөніндегі шараларды қабылдау;
- 11) ДКК құзіретіне қатысты мәселелер бойынша МӘС аумақтық комиссияларымен өзара іс-қимыл болып табылады.

ДКК функциялары:

- Бекітілген еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын өткізу;
- 2) басқа қаланың тұрғындарына, шетел азаматтарына еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беруге рұқсат ету;
- 3) шетелде болған кезде ауруларды, жарақаттарды бастан өткерген ҚР адамдарына еңбекке уақытша жарамсыздық парағын (анықтамасын) беруге рұқсат ету;
- 4) пациентті жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге, адам ағзаларын және тіндерін транспланттауды (қондыруға) жіберу мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 5) "Медициналық-әлеуметтік сарптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығына сәйкес МӘС-ға пациенттерді жіберу және МӘС-ға жіберу, оның ішінде емдеу кезінде жоғары технологиялық аз инвазивтік араласуларды қолданған адамдарды, мерзімдерін айқындау

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу құрылымы

Мүгедектікті және еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеуді, сондай-ақ куәландырылатын адамның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілігін айқындауды ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық медициналық-әлеуметтік сараптама жолымен жүргізеді.

Ауру мен мүгедектіктің деңгейіне, құрылымына қарай МӘС бөлімдері жалпы бейіндегі, мамандандырылған бейіндегі (кәсіптік ауруы бар, туберкулезбен ауыратын, психикалық ауытқулары бар науқастар үшін) және педиатриялық бейіндегі МӘС бөлімдері болып бөлінеді.

МӘС жүргізу үшін негіздер

- Медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының жолдамасы:
 - 1) организм функциялары тұрақты бұзылған кезде алғаш куәландыру;
 - 2) қайталап куәландыру (қайта куәландыру);
 - 3) медициналық ұйымдардың дәрігерлеріне консультациялық көмек көрсету мақсатында МӘС жүргізу үшін негіздеме болып табылады.
- 5. Медициналық ұйымдар ауруға, жарақат зардаптарына немесе кемістікке байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шараларын жүргізгеннен кейін, анатомиялық кемістіктері немесе организм функцияларының едәуір немесе өте айқын білінетін бұзылушылықтары бар және оңалту әлеуеті жоқ жазылмайтын ауруларды қоспағанда, уақытша еңбекке жарамсыз болған адамдарды, диагнозы белгіленген сәттен бастап кемінде төрт айдан кейін МӘС-ке жібереді.

Мүгедектік мынадай
мерзімдерге:

он алты жасқа дейінгі адамдарға - 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға және он алты жасқа толғанға дейін;

он алты жастан он сегіз жастағы адамдарға – 6 айға, 1 жылға, он сегіз жасқа толғанға дейін;

он сегіз жастан асқан адамдарға – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға немесе қайта куәландыру мерзімінсіз белгіленеді.

Мүгедектікті белгілеу критерийлері

- Адамды мүгедек деп тану үшін мынадай бірнеше міндетті шарттардың бір мезгілде болуы:
- 1) организм функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулықтың бұзылуы;
- 2) тіршілік-тынысының шектелуі (адамның өзіне өзі қызмет көрсету, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлану, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу немесе еңбек қызметімен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылуы);
- 3) әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру қажеттігі негіздеме болып табылады.
- Жас мөлшеріне қарай организмде пайда болатын өзгерістер мүгедектік тобын белгілеу үшін негіздеме болып табылмайды.

- Тіршілік-тынысының мынадай санаттарының бірінің:
- 1) үшінші дәрежедегі өзіне-өзі қызмет көрсетуге;
- 2) үшінші дәрежедегі жүріп-тұруға;
- 3) үшінші дәрежедегі еңбек қызметіне (еңбек ету қабілеті);
- 4) үшінші дәрежедегі оқуға;
- 5) үшінші дәрежедегі бағдарлай білуге;
- 6) үшінші дәрежедегі қарым-қатынас жасауға;
- 7) үшінші дәрежедегі өзінің мінез-құлқын бақылауға қабілетінің өте айқын білінетін шектелуіне немесе олардың ұштасуына әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттар немесе кемістіктер салдарынан болатын организм функцияларының тұрақты едәуір немесе өте айқын білінетін бұзылуы бірінші топ мүгедектігін белгілеу үшін критерий болып табылады.

- . Тіршілік-тынысының мынадай санаттарының бірінің:
- 1) екінші дәрежедегі өзіне-өзі қызмет көрсетуге;
- 2) екінші дәрежедегі жүріп-тұруға;
- 3) екінші дәрежедегі еңбек қызметіне (еңбек ету қабілеті);
- 4) екінші дәрежедегі оқуға;
- 5) екінші дәрежедегі айналасын бағдарлай білуге;
- 6) екінші дәрежедегі қарым-қатынас жасауға;
- 7) екінші дәрежедегі өзінің мінез-құлқын бақылауға қабілетінің айқын білінетін шектелуіне немесе олардың ұштасуына әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттар немесе кемістіктер салдарынан болатын организм функцияларының тұрақты айқын білінетін бұзылуы екінші топ мүгедектігін белгілеу үшін критерий болып табылады.

- . Тіршілік-тынысының мынадай санаттарының бірінің:
- 1) бірінші дәрежедегі өзіне-өзі қызмет көрсетуге;
- 2) бірінші дәрежедегі жүріп-тұруға;
- 3) бірінші дәрежедегі еңбек қызметіне (еңбек ету қабілеті);
- 4) бірінші дәрежедегі оқуға;
- 5) бірінші дәрежедегі бағдарлай білуге;
- 6) бірінші дәрежедегі қарым-қатынас жасауға;
- 7) бірінші дәрежедегі өзінің мінез-құлқын бақылауға қабілетінің орташа білінетін шектелуіне немесе олардың ұштасуына әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттар немесе кемістіктер салдарынан болатын организм функцияларының тұрақты орташа бұзылуы үшінші топ мүгедектігін белгілеу үшін критерий болып табылады.